



**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасы
Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы Келісімді бекітуге
енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 30 қаңтардағы
N 104

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1994 жылы 1 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан
Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасы
Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы
Келісім Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің бекітуіне
енгізілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Жоба

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам
Социалистік Республикасы Үкіметінің арасындағы
сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы
Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1994 жылы 1 ақпанда Алматы қаласында қол қойылған
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік
Республикасы Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық
ынтымақтастық туралы Келісім бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің
Төрағасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік
Республикасы Үкіметінің арасындағы сауда-экономикалық

ынтымақтастық туралы

Келісім

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі,

Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайту және дамыту мақсатында,

өзара сауда-экономикалық байланыстарды жүзеге асыру кезінде тең құқылық, өзара пайдалылық принциптері мен халықаралық құқық нормаларын басшылыққа ала отырып,

төмендегілер жайында келісті:

1-бап

1. Тараптар елдердің әрқайсысында қолданылатын заңдар мен ережелер шеңберінде Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту және тереңдете түсу үшін қажетті шараларды қолданады және осы мақсаттарды тиісті қолайлы жағдайлар жасайтын болады.

2. Тараптар әрбір елде қолданылатын заңдарға және осы Келісім ережелеріне сәйкес бұдан әрі "субъектілер" деп аталатын екі елдің сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылар арасындағы өзара мүдделілікті білдіретін барлық саладағы өзара экономикалық және сауда байланыстарының дамуына жәрдемдесетін болады.

2-бап

Тараптар кедендік салықтар мен басқа да алымдарға, сондай-ақ товарлар әкелгенде және әкеткенде осындай кедендік салықтар мен басқа да алымдардың алыну тәсіліне қатысты бір-біріне барынша қолайлы жағдай жасайды.

Тараптар өзара саудада экспорттық және импорттық товарлардың мөлшеріне шектеу қоюға және лицензия беруге қатысты бір-біріне қысымшылық көрсетпейтіндей жағдай жасайды.

Алайда жоғарыда аталған ережелер мыналарға қатысты емес:

а/ Тараптардың әрқайсысы шекара бойындағы сауданы жеңілдету үшін көрші елдерге берген немесе беруі мүмкін артықшылықтарға;

б/ Тараптардың кез-келгенінің еркін сауда аймағына, кедендік одаққа немесе басқа

да аймақтық келісімдерге қатысуы нәтижесінде берілген немесе берілуі мүмкін артықшылықтарға.

3-бап

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың әрқайсысының мыналарға

бағытталған товарларды экспорттауға, импорттауға және тасымалдауға тыйым салу немесе шектеу жөнінде шаралар қабылдау құқығын шектемейді:

- ұлттық қауіпсіздікті қорғау;
- адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау, жануарлар мен өсімдіктер ауруларының алдын алу;
- ұлттық көркем, тарихи және археологиялық мұрағаттарды қорғау.

Мұндай тыйым салулар мен шектеулер, алайда, екі ел арасындағы сауданы себепсіз қысым көрсету немесе жасырын шектеу құралдарына айналдырмауы тиіс.

4-бап

Товарлар жеткізілімі мен қызмет көрсетулер әрбір елдің заңдары мен осы Келісімнің ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасының субъектілері мен Вьетнам Социалистік Республикасының субъектілері арасында жасалған контрактілер негізінде жүзеге асырылатын болады.

5-бап

Сауда-экономикалық байланыстарда товарлар мен қызмет көрсетулердің бағалары халықаралық сауда және қаржы практикасында қабылданған күнделікті әлемдік баға мен шарттар негізінде екі елдің субъектілері арасындағы контрактілерде келісілетін болады.

6-бап

Егер де Тараптар басқа жағдайларда келісімге келмесе, Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы арасындағы сауда-экономикалық байланыстарда товарлар мен көрсетілетін қызметтер үшін есеп айырысулар мен төлемдер халықаралық банк операцияларын жасауға құқығы бар банкілер

арқылы еркін қолданылатын валютамен және елдердің әрқайсысының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын болады.

7-бап

Осы Келісімнің орындалу барысын қарау үшін Тараптардың өкілетті өкілдері алма кезек Алматы мен Ханойда кездесетін және қажет болған жағдайда тиісті шаралар қабылдайтын болады.

8-бап

Екі елдің субъектілері арасындағы даулар контрактілерге қол қойған Тараптар арасындағы контрактілерде немесе жекелеген жазбаша келісімдерде көрсетілген уағдаластықтарға сәйкес шешілетін болады.

9-бап

Осы Келісімге Тараптардың келісуі бойынша жазбаша түрде өзгертулер немесе толықтырулар енгізіле алады.

10-бап

Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті талаптардың жүзеге асырылғаны туралы Тараптар бір-біріне әрбір елдің заңдарына сәйкес жазбаша түрде хабардар еткен күні күшіне енеді және Тараптардың бірі екінші Тарапқа осы Келісімнің қолданысын тоқтатқысы келетіні жөнінде кемінде алты айдан кешіктірмей жазбаша түрде хабарлағанша қолданыста бола береді.

Осы Келісімнің қолданысы тоқтатылғаннан кейін оның ережелері осы Келісімнің қолданыс кезеңінде қабылданған міндеттемелердің барлығына да, олар толық орындалғанға дейін қолданылатын болады.

Алматы қаласында 1994 жылы 1 ақпанда екі түпнұсқа данада, әрқайсысы қазақ және вьетнам тілдерінде жасалды, сондай-ақ екі текстің де күші бірдей.

Осы Келісімнің әрбір данасына оның жекелеген ережелерін түсінуге байланысты пікір алшақтықтары туған жағдайда басшылыққа алынатын орыс тіліндегі ресми аудармасы қоса тіркеліп отыр.

Қазақстан Республикасының	Вьетнам Социалистік
Үкіметі үшін	Республикасының Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК